

**ТАБИҒИ (еркін)
ШАҒЫЛЫСТЫРУ
БАРЫСЫНДА
БҰҚАНЫ ТАҢДАУ**



ТАБИҒИ (еркін) ШАҒЫЛЫСТЫРУ БАРЫСЫНДА БҰҚАНЫ ТАҢДАУ

Егер табында жасанды ұрықтандыру әдісі сәтті қолданылса да, малды жайылымдық шарттарда ұстау үшін жақсы бұқа керек. Кейбір кезде табынның үздік сиырларын табиғи шағылымтыру әдісімен ұрықтандыруға тура келетіндіктен міндетті түрде пайдаланылатын бұқа талаптарға сай болуы қажет. Жасанды ұрықтандыру жоспарланбаса да, табиғи шағылыстыру үшін қолданылатын бұқаны тиісінше дұрыс таңдау қажет.

Бұқаны сатып алу мәселесін шешу үшін оның өнімділік көрсеткіштерін, сонымен қатар енесінен ажыратқан кездегі және бір жылдық жас шамасындағы тірі салмағы мен тірі салмаққа қатысты басқа да көрсеткіштерді білу қажет.

Бұқаны тек қана өзіндік жеке көрсеткіштеріне ғана негізделіп сатып алуға болмайды, оны алдымен қарап алу керек, немесе мұны басқа біреуге тапсыруға болады. Жасанды ұрықтандыруға бұқаны таңдау бөлімінде ескеретін жағдайлар ұсынылды, олар табиғи шағылыстыруға қолданылатын жас бұқашықты таңдаған кезде де пайдаға асырылады. 4.4 кестеде бұл көрсеткіштер бойынша стандарттар берілген.

4.4. кесте Табын өндірушісін таңдау барысында өнімділіктің стандартты көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Тұқым типі	
	британдық	Еуропалық континенталды
Қосымша азықтандырусыз енесінен ажыратқан кездегі тірі салмағы, кг	227	250
Қосымша азықтандырылып енесінен ажыратқан кездегі тірі салмағы, кг	250	272
Енесінен ажыратқан кездегі тірі салмақ пайызы	102+	102+

Рационда жоғары дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,14	1,36
Рационда орташа дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,36	1,59
Рационда төмен дәрежеде ірі азықтардың болуы барысында енесінен ажыратқаннан кейінгі орташа тәуліктік өсімі, кг	1,59	1,82
Енесінен ажыратқан кездегі орташа тірі салмақ өсімінің пайызы	102 +	102+
Дене бітімі бойынша класы *	14	14
Дене бітімі бойынша берілетін балы	5	6
Бір жылдық жас шамасындағы құйымшақ биіктігі, см	124	130
Бір жылдық жас шамасындағы майдың қалыңдығы, см	0,07	0,05

*11 «жоғары жақсы»; 12 «төмен таңдаулы» сұрып; 13 « орташа таңдаулы» сұрып және т.б.

Көптеген орталық тәжірибелік станцияларында қазіргі уақытта бұқалардың дене өлшемдері мен қатар, соноскоптың көмегімен май қалыңдығын анықтауға сынама алады. Бұл көрсеткіштер бұқаның өсу мен даму қабілеттерін бағалауға және оның дене құрылысын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұқалардың ұма орамын өлшейді, бұл өз кезегінде аталмыш өлшемге бұқаның барлық өндірушілік қабілеті байланысты екендігін көрсетеді. Бұл көрсеткішті асыра сілтеп бағалаудың керегі жоқ, себебі ұманың пішіні мен өлшемдері өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда, көптеген станцияларда ұмасы жақсы дамымай қалған бұқаларды бракқа шығарады.

Мінсіз бұқаны іздеуге аса беріліп кетудің ажеті жоқ. Басқа өндірушілерді барық жағынан асып түсетін бұқаға қолжеткізуді мақсат етсе, уақыт жоғалтып, нәтижесінде фермалық шаруашылықта жасы келген кәрі бұқаларды ұзақ уақыт пайдалануға тура келеді. Табынға қажетті көрсеткіштерге ие болатын бұқаны таңдайды. Табындағы асылтұқымдық жұмыстарды саты бойынша жүзеге асырады, ол үшін бір бұқаның барлық артықшылықтарға біден ие болмайтынын ескере отырып, бірнеше бұқаларды таңдайды. Бұқаны таңдағаннан кейін оларды табындағы сиырларға іріктеуді бастайды.

